АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН АУДАНАРАЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ СОТЫ

СПЕЦИАЛИЗИРОВАННЫЙ МЕЖРАЙОННЫЙ ЭКОНОМИЧЕСКИЙ СУД АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ

030012, Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Сәтпаев көшесі, 8А, тел: +7 (7132) 55-25-30; факс: +7 (7132) 55-25-34; email: 040202@sud.kz

030012, Республика Казахстан, Актюбинская область, город Актобе, улица Сатпаева, 8А, тел: +7 (7132) 55-25-30; факс: +7 (7132) 55-25-34; email: 040202@sud.kz

20.08.2024 № 1513-24-5-21/8125

ЖК ЖАҚЫПОВ Е.Ж. (Актобе, О.Кошевой, 115, 104)

«Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Темір орман және жануарлар дүниесін қорғау мекемесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Ақтөбе облысының мамандырылған ауданаралық экономиқалық соты Сізге №1513-24-00-2/1683 азаматтық ісі бойынша 15.08.2024 жылғы сот шешімінің көшірмесін жолдайды.

Қосымша: 15.08.2024 жылғы сот шешімінің көшірмесін.

Судья **С.Мукашева**

Орынд.: Исмагулов Е. Т.
тел.: *87054768091, 713-5863@sud.kz*

1513-24-5-21/8125 20.08.2024

Құжатты жасаған: ИСМАГУЛОВ Е. Т., 87054768091, 713-5863@sud.kz
Құжатқа қол қойылған: МУКАШЕВА С. Е., 20.08.2024 19:24

ҚР Жоғарғы соты, Төрелік АЖ. ЭСҚ тексеру нәтижесі он

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
ШЕШІМ

2024 жылғы 15 тамыз Іс №1513-24-00-2/1683 Ақтөбе қаласы

Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья С.Е.Мукашеваның,
сот отырысының хатшысы Е.Т.Исмагуловтың қатысуымен,
сот ғимаратында ашық сот отырысында қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Темір орман және жануарлар дүниесін қорғау мекемесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер Ержан Жақыпұлы Жақыпов

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану;
2. тұрақсыздық айыппұлды өндіру

СОТҚА ҚАТЫСҚАН:
талап қоюшының өкілі Д.К.Акашев

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

2024 жылғы 4 мамырда «Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Темір орман және жануарлар дүниесін қорғау мекемесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (тапсырыс беруші) мен жеке кәсіпкер Ержан Жақыпұлы Жақыповтың (өнім беруші) арасында «Бағалы ұсыныстарға сұраным» мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде №39 мемлекеттік сатып алу шарты жасалған.

Өнім беруші шарттың №1 қосымшасына және техникалық ерекшеліктің сипаттамасына сәйкес, жалпы сомасы 220 332 теңгеге келісім шарт жасасқаннан кейін күнтізбелік 16 күн аралығында жеткізуге міндеттелген.

Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасы 2024 жылғы 21 мамырда енгізілген.

Өнім беруші тарапынан шарттық міндеттемелер орындалмаған.

Талап қоюшы сотқа талап қою беріп, онда шарттық міндеттерін орындамағаны үшін жауапкер жеке кәсіпкер Ержан Жақыпұлы Жақыповты мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды және 3 304 теңге 95 тиын мөлшерінде тұрақсыздық айыппұлды өндіруді талап еткен.

Жауапкерден талап қоюға қарсы пікір түскен жоқ.

Сот отырысында талап қоюшының өкілі, талап қоюда келтірген уәждерін қолдап, өнім берушіге бірнеше рет шарттық міндеттемелерін орындау жөнінде хабарлағанын, алайда оның тарапынан міндеттемелер орындалмағанын айтып, талапты қанағаттандыруды сұрады.

Сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісінше хабарланғанымен жауапкер атынан өкіл сот отырысына қатысқан жоқ, істі өзінің қатысуынсыз қарау туралы сотқа арызданбаған.

Істі негізінен қарау үшін дәлелдемелер жеткілікті болғандықтан, Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 196-бабының (әрі қарай–АПК) талаптарын басшылыққа алып, сот істі жауапкердің өкілінің қатысуынсыз қарауды ұйғарды.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

№1 талап қою бойынша

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (әрі қарай – АК) 272, 277-баптарына сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше және уақытылы орындалуға тиіс.

Егер міндеттемеде ол орындалатын күн немесе ол орындалуға тиісті уақыт кезеңі көзделсе немесе анықтауға мүмкіндік берсе, міндеттеме сол күні немесе тиісінше сол кезең ішінде кез келген уақытта орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (әрі қарай – Заң) 12-бабының 4-тармағы 3-тармақшасында мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі: өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасында көрсетілген жағдайда, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы, мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушы, тапсырыс беруші не уәкілетті орган әлеуетті өнім берушінің немесе өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы өздеріне мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, мұндай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні

Құжатқа қол қойылған: Мұқашева С. Е., 19.08.2024

1513-24-3-1/1848

мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Сотта анықталғандай, жауапкер өзіне мемлекеттік сатып алу туралы келісім шарт бойынша жүктелген міндеттемені орындамаған.

Талап қоюшы мемлекеттік сатып алу порталы арқылы жауапкерге хат жолдап, міндеттемелерді орындауды сұраған.

Жауапкер тарапынан міндеттемелердің орындалғаны жөнінде растайтын құжаттар тіркелмеген.

Талап қоюшы тарапынан сотқа жүгіну мерзімі бұзылмаған.

Шарттық міндеттемелер 2024 жылғы 20 мамырға дейін орындалу қажет болған, талап қоюшы бұл талаппен 2024 жылғы 7 маусымда жүгінген.

Бұл ретте, сот жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюшының талабы қанағаттандырылуға жатады деген тұжырымға келеді.

Қазақстан Республикасының Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі) Заңының 616-бабының 30)-тармақшасына сәйкес, соттарда мемлекеттік баж төлеуден әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қою бойынша талап қоюшылар босатылады.

АПК-нің 117-бабына сәйкес, жауапкерден жергілікті бюджетке 1 846 теңге мөлшерінде мемлекеттік баж салығы өндіріледі.

№2 талап бойынша

АК-нің 293-бабына сәйкес борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады. Айып төлеу туралы талап бойынша несие беруші оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті емес.

Шарттың 7.3 тармағына сәйкес, жұмыстарды орындау мерзімін өткізіп алған жағдайда Тапсырыс беруші Мердігер міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда Мердігерден мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасынан 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімақы) ұстап қалады (өндіріп алады) немесе міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда орындалмаған міндеттемелер сомасынан 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімақы) ұстап қалады (өндіріп алады).

Заңның 43-бабының 24-тармағына сәйкес, Өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша қабылдаған міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда, тапсырыс беруші

Құжатқа қол қойылған: Мұқашева С. Е., 19.08.2024

1513-24-3-1/1848

тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) өндіріп алуды қамтамасыз етеді.

Талап қоюшының есебі бойынша:

2024 жылғы 20 мамырдан бастап 2024 жылғы 3 маусымды қоса есептеген күнге дейін тұрақсыздық айыппұл сомасы 3 304,95 теңге: 220 332*0,1%*15 күн= 3 304, 95 теңге.

Сот, талап қоюшының есебін қабылдайды және жауапкерден мемлекет пайдасына өндірілуге жатады деген тұжырымға келеді.

Сәйкесінше, жауапкерден жергілікті бюджетке 99 теңге мөлшерінде мемлекеттік баж салығы өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226, 229-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Темір орман және жануарлар дүниесін қорғау мекемесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер Ержан Жақыпұлы Жақыпов мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер Ержан Жақыпұлы Жақыповтан мемлекет пайдасына 3 305 (үш мың үш жүз бес) теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыппұл өндірілсін.

Жауапкер жеке кәсіпкер Ержан Жақыпұлы Жақыповтан жергілікті бюджетке 1 945 (бір мың оғыз жүз қырық бес) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж салығы өндірілсін.

Шешімге Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің төрт жүз үш төрт жүз төртінші-баптарының талаптарын сақтап, Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Ақтөбе облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына, осы кодексте белгіленген жағдайларды қоспағанда, апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья С.Е.Мукашева

Құжатқа қол қойылған: Мұқашева С. Е., 19.08.2024

1513-24-3-1/1848